

А 2016  
1730

Сатымбекова Қ.Б.

**Ұйымдағы  
өзгерістерді  
басқару**

Оқу құралы

Кимангала  
Ушомоно котормаконно

Табос тиндичке  
Зу кеетмен астроп.  
29.09 2015 г.  
Д. Девеел

**САТЫМБЕКОВА Қ.Б.**

**ҰЙЫМДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРДІ  
БАСҚАРУ**

*Оқу құралы*

Алматы  
2013

УДК 334 (075.8)  
ББК 65.290-2 я 73  
С 23

Оқу құралы М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Оқу-әдістемелік кеңесі және ҚР БЖҒМ жоғары және жоғары оқу орнына кейінгі «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» мамандықтар тобы бойынша РОӘК ОӘС отырысында баспаға ұсынылды

**Пікір жазғандар:** **Өмірзақов С.Ы.** – э.ғ.д., профессор, Т. Рысқұлов атындағы ҚазҰУ-дің «Экономика және бизнес» факультетінің деканы;  
**Исахметов Т.И.** – э.ғ.д., профессор, Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық университетінің ректоры;  
**Толысбаев Б.С.** – э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Менеджмент» кафедрасының менгерушісі;  
**Есіркепова А.М.** – Аймақтық экономика мәселелерлері ғылыми зерттеу институтының директоры, М.Әуезов атындағы ОҚМУ профессоры, э.ғ.д.

С 23 **Сатымбекова Қ.Б.**  
**Ұйымдағы өзгерістерді басқару:** оқу құралы/ Қ.Д. Сатымбекова, Алматы: Экономика, 2013. – 379 бет

ISBN 978-601-225-506-5

Ұсынылып отырған оқу құралы экономика саласы бойынша студенттер мен магистранттарға арналған.

«Ұйымдағы өзгерістерді басқару» оқу құралы қазіргі заманғы менеджменттің әртүрлі бағыттардағы стратегиялық әрекеттерінің теориялық және тәжірибелік аспектітерін қамтиды. Қазіргі менеджменттің ерекшелігі, ұйымның өмір сүру кезеңдерін ескере отырып, ондағы өзгерістерді басқару.

УДК 334 (075.8)  
ББК 65.290-2 я 73

ISBN 978-601-225-506-5

© Сатымбекова Қ.Б., 2013  
© «Экономика» баспасы» ЖШС, 2013

## АЛҒЫ СӨЗ

Кез-келген экономикалық нарық шаруашылығының негізгі элементі менеджмент болып табылады. Менеджмент – ғылым ретінде ұйымды басқарудың нәтижелі әдісін өңдеу, өндірістің жоғарғы тиімділігіне қол жеткізу, ұйымның ресурстарын ұтымды пайдалану. Қазіргі заманғы менеджмент әр түрлі бағыттардағы стратегиялық әрекеттер жасайды. Мұндай әрекеттер, өзара байланысты үш бағытты қамтиды: технология және өндіріс ұйымы; адамдар қарым-қатынасын зерттеу психологиясы. Сондықтан, қазіргі менеджменттің ерекшелігі, ұйымның өмір сүру кезеңдерін ескере отырып, ондағы өзгерістерді басқару.

«Ұйымдағы өзгерістерді басқару» курсы оқытудың мақсаты студенттерде өзгерістерді басқару бойынша жүйеленген білімді және өзгерістермен байланысты басқару шешімдерін өз бетінше қабылдау қабілетінің болуын қалыптастыру.

Берілген мақсат негізінде келесідей міндеттер қойылады:

- студенттерге өзгерістер менеджментінің негізгі түсініктерін ұғындыру;
- өзгерістерді басқарудың әдіснамалық, теориялық және әдістемелік аспектітерін үйрету;
- ұйымның өмірлік кезеңдерінде өзгерістерді диагностикалау әдістерін үйрету;
- өзгеріс кедергілерінің себептерін талдау және кедергілерді жеңу техникасын игеру.

«Ұйымдағы өзгерістерді басқару» курсы өзгерістерді басқару теориясы мен әдістемелік аспектілерінің негіздерін, ұйымның өмірлік кезеңдерінде өзгерістерді басқару ерекшеліктерін, ұйымның кезеңді дамуының объективті ерекшеліктерін ескере отырып, ұйым басшысының қабілетін қалыптастыру негіздеріне үйретеді.

«Ұйымдағы өзгерістерді басқару» оқу құралында өзгерістерді зерттеу мен жобалаудың әдістемелік және теориялық аспектітері, басқарудың әдістемелік аспектісі, ұйымның өмірлік кезеңдері және бұл кезеңдердегі өзгерістерді басқару ерекшеліктері, ұйымдық құрылым өзгерістерін басқару, өзгерістерді басқарудағы мотивация, өзгеріс үдерісіндегі топтық әрекеттерді басқару, өзгерістерді басқарудағы билік және басқару стилдері, өзгерістерді басқарудағы коммуникациялар, ұйымның даму стратегиясын таңдау үлгілері тақырыптарының мазмұны қарастырылады.

## 1 тарау.

# ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЗЕРТТЕУ МЕН ЖОБАЛАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

### 1.1 Өзгерістерді зерттеу және жобалау әдістемесінің философиялық деңгейі

Ұйымдық өзгерістер мәселелерін ғылыми зерттеуде, ол бірнеше деңгейде қарастырылады: философиялық, жалпы ғылыми, жеке ғылыми және әдістемелік. Мұндай танымның жоғарғы деңгейдегі әдістер, төменгі деңгейдің әдістеріне қатысты әдістемелік, басымды қызметтерді атқарады.

**Әдістеме** философияда қызметтің өзгеруінің танымдық және тәжірибелік ұйымдастырылуының құралдары мен қағидаларын зерттейтін, осы қызметті ұйымдастыру үшін қолданылатын қағидалар, әдістер және тәсілдердің жиынтығы ретінде қарастырылады.

**Әдіснама** (грек сөзінен *methodos* - *әдіс*) – танымның жалпылама әдістері туралы ғылым.

**Әдіс** – танымдық және тәжірибелік қызмет үдерісіндегі белгілі-бір нәтижелерді алудың тәсілі ретінде көрсетіледі.

Әдістеменің философиялық деңгейі мәселені зерттеуде философиялық әдістерді қолдануды қарастырады. Ол теория және тәжірибе арасында көрінетін әдістемелік қағидалар арқылы жүзеге асырылады.

Әдістеменің жалпы ғылыми деңгейі мәселені зерттеу теориясын таңдау, заңдылықтар мен қағидалардың құрылуы, зерттеу логикасының жасалынуымен байланысты. Бұл деңгейдің

әдістемелік қағидалары өздерінің қызметтерін ғылыми білімнің бөлігіне немесе оның үлкен салаларына қолданады.

*Басты және де үлкен бөлігінде, философиялық деңгейдің әдістемелік көзқарастарының біреуіне де қайшы келмейтін, оның негізгі қағидалары:*

- ◆ **абстрактілікпен нақтылыққа шығу қағидасы** – адамның танымдық қызметінің тарихи тәжірибесінен зерттеу техникасының құрылу негізі ретінде көрінетін индукция және дедукциядан, талдау және синтездеу көмегімен құрылатын үдерістер мен құбылыстардан тұрады;
- ◆ **детерменизм қағидасы** – нақты ғалымның нәтижелері, құбылыстары және үдерістерінің өзара байланысы мен шарттылығын көрсетеді;
- ◆ **даму қағидасы** – қайтымсыздықты сипаттайды, яғни басқару жүйесінің қызмет етуінің ілгерлемелігін, бағыттылығын, талпынушылығын және заңдылығын сипаттайды;
- ◆ **теория мен тәжірибе байланысы қағидасы** – тәжірибенің бірінші кезектілігін, зерттеу қызметіндегі оның эмпиризмдік құндылығын көрсетеді, өйткені оның деректері теориялық тұжырымдарды құрудың құралы болып табылады. Сонымен қатар, теория тәжірибені жетілдіру үшін жол ашады, ол олардың өзара байланыстылығымен қамтамасыз етіледі.

*Әдістеменің жалпы ғылыми деңгейі жөніндегі көзқарастардың ішінде негізгі танымалдары:*

- аксиомалық;
- болжамды-дедукциялық;
- индукциялық;
- дедукциялық әдістер;
- дәріптеушілік және нысандау әдістері;
- прaksiоматериялық үлгілеу;
- үдерістік және жүйелік көзқарас;
- үдерісті-жүйелік;
- жүйелік-үдерістер.

Әдістеменің жеке ғылыми деңгейі ғылымның сәйкес саласында қолданылатын зерттеу принциптері, әдістері мен тәсілдерінің

жиынтылығымен анықталады. Экономика үшін, әсіресе, ұйымдық өзгерістерді зерттеу мен жобалау үшін әдістеменің бұл деңгейінің маңыздылығы, оның тәжірибеге тіке шығу мүмкіндігінің болуы. Жекелей ғылыми әдістеме деңгейінің әдістемелік көзқарастары кең ауқымды. Ұйымдық өзгерістерді зерттеу мен жобалауда *функционалдық, кешендік, бірігушілік, стратегиялық, іс-әрекеттік, радикалдық, сценарилік, құрылымдық және жағдайлық көзқарастар* жиі қолданылады.

Әдіснаманың әдістемелік деңгейі жекелей ғылыми мәселелердің тар, нақты сұрақтарын шешуге бағытталған. Оның негізін жеке зерттеу әдістері мен тәсілдері құрайды.

*Ұйымдық өзгерістерді зерттеуде және жобалауда қолданылатын негізгі әдістер:*

- экстраполяция әдісі;
- функционалды-құндық талдау;
- морфологиялық талдау;
- индекстік және көрсеткіштік әдістер;
- алып тастау әдісі;
- SWOT – талдау;
- стандартты бағалау әдісі;
- салыстырмалы анықтама әдісі;
- мәжбүрлі талдау әдісі;
- әрекеттік белгілеудің рейтинг шкаласы әдісі;
- жағдайды үлгілеу әдісі;
- тәуелсіз төрешілер әдісі;
- жағдайлық сұхбат әдісі;
- сарапшылық әдіс;
- ұйымдық жобалау әдістері.

*Философиялық таным теориялары өзінің базалық алғы шарттарына қарамастан, келесі сұрақтардың жауабын іздеуді көздейді:*

- білімнің табиғаты қандай?
- қандай жолдармен субъект ойы объект жөніндегі білімді тауып және тексереді?



- адам ойы дегеніміз не, оның генезисі және құрылымы?
- екі өзге ойлар бірін-бірі қалай түсіне алады?
- білімнің алуан түрлері өзара қалай әрекет етеді, олардың дифференциация себебі неде және оларды синтездеу мүмкіндігі бар ма?
- адам танымының шегі бар ма?

Бұл сұрақтардың жауаптары философтардың пікірінше, абстракция емес. Олар адамның ғаламдық танымын ұйымдастыру негізінде ғана емес, оның тәжірибелік қызметінің негізін құрайды, оның субъективтілік бағыттылығын анықтап қана қоймай және нақты міндеттерді шешудегі белгілеуді айқындайды.

*Танымның барлық философиялық теорияларын шартты түрде 5 топқа бөлуге болады, бұл теориялардың қысқаша сипаттамалары келтірілген (1.1-сурет):*

- ◆ пессимисттік теория;
- ◆ оптимисттік теория;
- ◆ плотоникалық теория;
- ◆ имманенттік теория;
- ◆ трансцендентализм.

**Пессимисттік теориялар.** Пессимисттік теориялардың ішіндегі ең ежелгісі – скептицизм теориясы болып табылады, оның мазмұны шындыққа жету мүмкіндігін, яғни дәлелдеу және жалпылама білімді жоққа шығару. Кез-келген білім мен ойға қарсы келетін негіздерді табуға болады.

**Скептицизм** негізін б.э.д. IV-III ғғ. аралығында *Пиррон* мен қаланған, және де *Р. Декарт*, *Д. Юм*, *С. Эмпирик* еңбектерімен дамыған.

**Агностицизм** – заттардың мәнін ұғыну мүмкіндігін жоққа шығарып және адам танымының шегін белгілеуші теория. Агностикалық әдістеме классикалық үлгіде, заттар әрқашан адам тәжірибесі нәтижесінде берілетіндіктен, *біз тек зат феноменін танимыз* деп тұжырымдаушы *И. Кантпен* көрсетілген. Заттардың өздігімен қандай екендігін – тек құдай біле алады. Әлем заттары мен үдерістері, оған өзінің абсалютті айқын мазмұнында ғана берілген.

Менеджменттің әдістемелік негізі болып табылатын негізгі философиялық теориялар


Теориялардың негізгі топтары

Пессимисттік

Теориялардың аталуы	Теория мәні (негізгі қағидалары)
Скептицизм теориясы	Дәлелдеу және жалпы білімнің мүмкіндігін жоққа шығару.
Агностицизм	Зат мәнін ұғыну мүмкін-дігін жоққа шығару (таным үдерісінің үзіліс болуы - ұғынған мәнен кейін әрдайым, жаңасы және оданда терең мән ашылады.

Оптимисттік

Теориялардың аталуы	Теория мәні (негізгі қағидалары)
Қарапайым нақтылық теориясы	Білім – сыртқы әлемнің айнаға шағылысының өнімі болып табылады. Адам өмірді әлсумет, оның мәдениеті, тәжірибесі және тілінің оқшауланған әсерін-сіз таниды.
Редукционизм	Күрделі заңдылықтарды қарапайымға келтіру, нақты ғылымдардың дерек-теріне апелляция, талдау-дың философиялық әдісте-мелерінің қолданысысыз мәселені шешу туралы тұжырым.
Физикализм	Мәселенің шешімі фундаментальді теория және физикалық заңдар тіліне аударылады (мысалы физикозкономика)
Физиологиялық редукционизм (ғылыми материализм)	Таным қызметінің өнімдері адам ағзасындағы үдерістер мен жағдайлар арқылы түсіндіріледі (дене, психика, ми, ойлау және т.б.).
Нативизм	Адам миы туылмасынан белгілі бір электромагнитті толқындарды қабылдауға бағдарламаланған: ойлау қабілетінің дағдылығы және адам қабілеті генетикалық туылымы болып табылады.
Танымның эволюциялық теориясы	Білім – адамның сыртқы ортаға биологиялық бейімделу қызметін атқара-ды. Сыртқы ортаны өзгертуге ұмтылудың қажеті жоқ, өз мақсатыңа жету үшін оған бейімделу қажет.
Генетикалық эпистемология	Білім адамның қоршаған әлемдегі белсенді заты – тәжірибелік қызметінің салдары болып табылады. Ғылым және ғылыми зерттеу құрылымының дамуы индивидтің ин-теллектуалдық даму кезеңдеріне сәйкес келеді.
Прагматикалық геносеологиялық теория	Білім оның тәжірибелік маңыздылығы тұрғысынан қаралуы тиіс. Мәселелі жағдайларды шешу білім көздері болып табылады. Шындық бұл жетістік, жанылысу – оны жетудегі жеңіліс.
Диалектикалық материализм	Таным негізінде индиви-дуалдық емес, қоғамдық-тарихи тәжірибе жатыр. Тәжірибе – білім алу кезінде жеткен жетістіктердің маңызды белгілері



1.1-сурет. Менеджменттің әдістемелік негізі болып табылатын негізгі философиялық теориялардың қысқаша сипаттамасы

**Скептикалық және агностикалық белгі** – бірдей түсініктер емес. *Агностик*, ол таным мүмкіндігі туралы немесе ой мен оны жоққа шығарудың теңдігі туралы айтпайды. Ол заттардың нақты мәніне шынайы біліммен жету мүмкіндігін жоққа шығарады.

*Агностикалық әдістеме – философтардың өздігінен тұжырымдалған туындысы емес, ол үдерістің ерекшеліктеріне негізделеді:*

- ◆ таным үдерісінен логика және математика сияқты ғылымдардың, өзінен адамның субъективтік құрамын алып тастау мүмкіндігінің болмауы;
- ◆ таным үдерісінің үзіліс болуы, өйткені әрдайым ұғынған түсініктен кейін, жаңасы ашылып және одан да терең түсінік туындайды.

*Агностицизм сыншылдарының негізгі қорытындысы – адам танымының шегінің болуын тұжырымдаудың өзі де, оның жоққа шығуына негізделген, өйткені өзінің білмеу ойының өзі, адамның таным қызметін дамытудың маңызды ынталандырушысы болып табылып, білім шегінен шығуды білдіреді.*

Агностиктер қандайда бір өзгеріс шегінде, сонымен қатар ұйымдық өзгерістер шегінде де, шынайы білім алу мүмкіндігінің болмауы оның нәтижесі ретінде ұйымдық міндеттерді қателіксіз шешу мүмкіндігінің болмауы деп тұжырымдайды. Басқару міндеттерін шешу механизмі себеп, шарт және салдар түрінде, субъективті және айқындық ретінде қарастырыла алмайды.

Скептицизм және агностицизм кез-келген ғылыми зерттеудің сараптамасы үшін әдістемелік негіз болып табылады. Өзгерістердің қажеттілігі мен мүмкіндігін шектен шығармай, оларды жоспарлау және жүзеге асырудың ғылыми негіздерін жоққа шығара отырып, зерттеуде алынған нәтижелерді күмәнға қояды.

Қазіргі жағдайда скептицизм мен агностицизмнің көрінуі әртүрлі. Олардың бірі ғылыми зерттеулердің шынайылығын күмәнға қою. Мысалы, грек эпидемиологы *Дж. Иоаннидистің* қазіргі зерттеулері, әлемнің ғылыми журналдарындағы басылым көрген мақалалардың жартысы жалған мәлімет көрсетеді деп тұжырымдайды. Бұның себептері, шынайы білімнің объективті қол жеткізу мүмкіндігінің болмауы ғана емес, қаржылық, бәсекелік жағдайлар және де зерттеу тақырыбының терең болмауы.

Қазіргі менеджменте зерттеудің мұндай философиялық позициясын, жоспарлы өзгерістерді күмәнға қоюда ғана емес, олардың жеңілісін анықтау үшін қолданады.

**Оптимисттік теориялар.** Бұл теориялар **қарапайым нақтылық теорияларынан** құрыла бастаған және де классикалық еуропалық ғылымның билігі тұсында үлкен қолдау тауып, қазіргі кезде философиялық ойларға бейімсіз зерттеушілердің типтік белгісін көрсетеді.

*Қарапайым нақтылық теориясы келесідей тұжырымдарға негізделеді:*

- ◆ білім – заттардың айнадан көрініс табуы сияқты, сыртқы әлемнің көрініс өнімі;
- ◆ адам басындағы таным бейнесі түпнұсқаның нақты көшірмесі болып табылады, ал қарапайым түйсік үшін түпнұсқа мен оның көшірмесінің айырмасы жүргізілмейді;
- ◆ білім көздері сезім деректері болып табылады, олар адам интеллектімен қорытындыланып және жүйеленеді;
- ◆ адам ғаламды оның әлеуметі, мәдинеті, тәжірибесі және тілінің әсерінсіз таниды;
- ◆ адам түйсігі ми субстратының қызметімен тікелей байланысты.

Қазіргі кезде қарапайым нақтылық теориясы геносо­логия тарихының жетістігі деп есептелінеді. Оның барлық тұжырымдамалары физиология, психология және социологияның сынақ зерттеулерінің нәтижелерімен жоққа шығарылған. Бірақ, әлемнің субъективті тіршілігі білім көзі болып табылады деген тұжырым, көптеген бағыттармен өзін ақтауда.

Көп жағдайда бұл көзқарасты **ғылыми нақтылық теориясының** жақтаушылары қолдауда. Көптеген ғалымдардың пікірінше, бұл теориялар ғалымдардың білімі субъективті шығармашылық жеңілісінің өнімі емес, әлем тіршілігінің нақты заңдарын тануға деген стихиялы және жалпы сенімдерінің негізі болып табылатын және философиялық көрінісі.

Ғылыми нақтылық теорияларының құрамында теориялардың екі тобы бөлінеді: натуралистік және праксеологиялық теориялар.

**Натуралисттік теориялардың** ішінде редукционизм, физикализм, физиологиялық редукционизм (*ғылыми материализм*), *эммердиметтік материализм, нативизм және таным эволюциясы (эволюциялық эпистемология)* теориялары танымал.

**Редукционизм** негізінде күрделі заңдылықтарды қарапайымға келтіруге деген талпыныс жатыр, яғни философиялық тіл мен талдау әдістемелерінің қолданылуынсыз, танымның фундаментальді мәселелерін шешу мүмкіндігі туралы тұжырым. Менеджмент теориясы және тәжірибесінде редукционизм қағидаларын жүзеге асырудың мысалдарының бірі, ол жалпы танымал басқару үдерісінің тұжырымдамалары, сонымен қатар *инжиниринг, реинжиниринг және бизнес үдерістердің биореинжинирингі* сияқты заманауи үлгілері. Басқару үдерістерін жеке әрекеттерге бөлу, мысалы, *жоспарлау – мотивация – ұйымдастыру – бақылау; коммуникация және шешім қабылдау*, сондай-ақ оларды жекелеп зерттеу талпынысы, бұл көзқарастың құралдары болып табылады, кейде басшыларды жалған шешім қабылдауға әкелуі де мүмкін.

**Физикализм** – теориялық-танымдық мәселелерді іргелі физикалық теориялар мен физикалық заңдар тіліне аудару арқылы шешуге бағытталған. Физикалистердің сарапшылары білім мен түйсіктің табиғатын *физикалық*, тіпті кеңірек алсақ, *жаратылыс-ғылыми заңдардың* көмегімен де толық түсіндіру мүмкін емес, өйткені білім мен түйсік өз заңдарына бағынатын физикадан тыс өлшемдерге ие.

Физикализм ойлары шаруашылық-экономикалық қызмет құбылыстарының бейнесін алгоритмдеу талпынысында көрінеді. Басқарудың сандық әдістер теориялары, физика-экономиканың теориялық негіздерін құру талпыныстары, шаруашылық-экономикалық үдерістердің дамуы мен қызметін айқындайтын объективті, қажетті, тұрақты және маңызды қатынастар мен байланысын айқындау мысал бола алады.

**Физиологиялық редукционизм** (*ғылыми-материализм*) – мұнда дене және психика, ми және түйсіктің өзара қатынас сұрақтарына негізгі назар қойылған, теориялық және сынақ

зерттеулеріне бағытталған. Бұл бағыттың жақтаушылары адамның психикалық өмірінің құбылыстары мен оның таным қызметтерінің өнімдерін, адам ағзасында өтетін физиологиялық үдерістер мен жағдайлар негізінде түсіндіруге болады деп есептейді.

Ғылыми материализм адам миының, оның физико-химиялық және өзге де құрылымдарын зерттеу нәтижелеріне негізделген. Бұл бағыттың көрнекті философ-теорияшыларды *Д. Армстронг* және *Г. Фейгель* болып табылады. Физиологиялық редуccionизм оқыту теорияларының көптеген бөлігінің әдіснамалық негізі болып табылады. Мысалы, *орта – инстинг – шартты рефлекс – мұқтаждық*, адамды қызметке тарту үдерісінің элементтері болып табылып, олардың көмегімен биологиялық ынталандыру жүзеге асырылады.

Қазіргі кезде ғылыми материализмнің қатаң варианттары кең таралуда. Психикалық үдерістердің ми және физиологиялық үдерістерге салыстырмалы тәуекелділігімен келісетін эмердженттік материализм, олардың бірі болып табылады.

**Түйсік** – ми түрінде ерекше ұйымдастырылған материя қызметі, бірақ физиология тілінде психикалық үдерістерді толық түсіндіру мүмкін емес. Батыс елдерінде бұл теорияның көрнекті өкілдері *Д. Дэвидсон*, *Дж. Фодор*, *М. Бунге* және мидың оң және сол жарты шарлары арасындағы ассиметрияны ашқаны үшін Нобель сыйлығының лауреаты *Р.Ц. Сперри*, ал ресейлік философиялық ғылымда – *В.С. Тюхтин* және *Д.И. Дубровский* болып табылады.

**Нативизм** – генетикалық тұқым қуалау заңдарына сүйеніп, түйсіктің шығу мәселелерін шешу міндетін қоятын теория. Ол жігерлікті қоса ескергенде, түйсіктің барлық компоненттері табиғи таңдау және генетикалық эволюция заңдарына бағынатын нейрофизиологиялық базиске ие. Бұл теория адам миы тумасынан белгілі-бір электромагниттік толқындарды қабылдауға бағдарламаланған, ал адамның ойлану қызмет дағдысы мен қабілеттілігін генетикалық туылу ерекшелігі деп тұжырымдайды. Нативизм теорияларын қолданушылар *З.Фрейд*, *К.Г. Юнг*, *Н.Хомский*, Нобель сыйлығының лауреаты *Е. Уилсон*.

Бұл әдістемелік негізге сүйеніп З.Фрейд, мысалыға, психоталдау және тұлғаның психодинамикалық теориясын құрған және де оның базалық элементтері:

- ◆ тұлға құрылымы: ол, мен, менен жоғары, ес түссіз, түйсік алды және түйсік;
- ◆ тұлғаның динамикалық аспектілері жыныстық және жауыздық инстинктеріне, қауіп және қорғаныс механизмдеріне негізделген;
- ◆ тұлғаның өсуі және даму ерекшеліктері: эрогендік аймақтардың дамуы, дамудың фалликалық кезеңдері;
- ◆ ойланбаған ессіз мотивтер ойлы түйсікке қарағанда, адам әрекетіне көп деңгейде әсер етеді;
- ◆ адамның соқыр сезімін, оның түстерінің мазмұны арқылы бағалауға болады;
- ◆ адам өз әрекетін толық түсіндіре алмайды, өйткені ол көп жағдайда ессіз әрекет етеді.

З.Фрейдтің психоталдау теориясы және тұлғаның психодинамикалық теориясы өзгеріс үдерісіндегі персоналдың ұйымдық әрекетін басқарудағы мотивация технологияларын жасау үшін теориялық негіздеме болып табылады. Мотивацияның мазмұнды теорияларында адамның алғышартты қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, алғашқы база ретінде болады.

*Эволюциялық теорияға сәйкес* – адам түйсігін мәні жалпы эмоция-биологиялық мән шегінде түсіндіріле алады. Білім адамның сыртқы ортаға биологиялық бейімделуінің маңызды қызметін атқарады. Кез-келген тірі жанның ағзалары мен әрекеті, оның нақты ғаламмен өзара байланысына қызмет етеді. Ғылыми білімнің өсуі эволюциялық түсінік терминдерінде жеткілікті деңгейде түсіндірілген, мысалы бейімделу, мутация және ғылыми теориялардың табиғи тандалуы.

Ұйымдағы өзгерістерді басқару мәнінің шегінде, бұл теорияға сәйкес, сыртқы органы өзгертуге ұмтылудың қажеті жоқ. Өз мақсаттарына жету үшін оған бейімделе білу қажет.



Ұйымның өмірлік кезеңдері адамның биологиялық өмірімен ұқсас келеді де туылу, өсу, жетілу және қартайу кезеңдерінен тұрады. Ұйымның туылуы қандай-да бір ұйымдық үлгінің құрылуын білдіреді. Сыртқы орта экономикалық және технологиялық факторларды, ресурстарды алу үшін негізгі кедергілерді айқындайтын мемлекеттік шаралар жүйесі арқылы ұйымның негізделу жылдамдығына әсерін тигізеді. Ұйым құрылып болғаннан кейін, дами бастайды. Осы кезеңде, ұйымдар «өлімінің» көптеп кездесуі байқалады. Сыртқы орта шарттарына бейімделе алған ұйымдар ғана қалады.

**Бейімділік** ұйым өмірінің барлық кезеңдерінің маңызды сапасы болып табылады. Бұл сапаны қамтамасыз ету үшін сыртқы ортаның ықпал етуімен ұйымдық өзгерістерді жүргізу қажет. Ұйымдық өзгерістер ұйымды басқаруды үздіксіз жетілдіру үдерісін қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс, яғни ұйымдық өзгерістер белсенді сыртқы ортадағы ұйымның өмірлік қызметінің ажырағысыз қасиеті болып табылады.

Эволюциялық теория мотивация теорияларын жобалау үшін кеңінен қолданылатын және *К.Левинмен* жасалған өрістік теория мен популяция-экологиялық теориялардың әдістемелік негіздерінің бірі болып табылады.

*Сонымен өрістік теориялардың негізгі тұжырымдамалары:*

- ◆ адам әрекеті өрістің қызметі болып табылады;
- ◆ өрістің негізгі құраушылары тұлғаның өзі және сыртқы орта болып табылады;
- ◆ адамның қажетті әрекетін құруда тұлғаны өзгерткеннен гөрі, жағдайды өзгерту оңайырақ болғаннан кейін, алдымен оның сыртқы қоршаған ортасын өзгертіп, ынталандырудың көмегімен оған әсер ету керек.

Басқаша айтар болсақ, адамның қоршаған ортаға бейімделуінің объективті қажеттілігін, оның қызмет мотивациясы үшін жетістікпен қолдануға болады.

Мұндай философиялық көзқарастардың көрнекті өкілдері *К. Лоренц, К. Поппер, С. Тулмин, Г. Фоллмер.*

Танымның эволюциялық теориясы менеджменттің көптеген мәселелерін зерттеу үшін әдістемелік негіз болып табылады. Оның қолданушыларына *М. Портер, Э. Эдайзес, А.И. Пригожин, М.Х. Мескон* және өзге де беделді ғалымдар жатады.

**Праксеологиялық теорияларға** білім адамның оны қоршаған әлемдегі заттық-тәжірибелік белсенді қызметінің салдары ретінде қарастыратын теориялар жатады. Олардың ішінде ең танымалдары: *генетикалық эпистемология, прагматикалық гносеологиялық теория және динамикалық материализм.*

**Генетикалық эпистемология** – көрнекті швед психологы және ғылым тарихшысы *Ж. Пиаже* негізделген, логико-психологиялық және теория-танымдық зерттеулердің үйлесінде құрылған, қазіргі теориялық танымдық бағыт. Ол тірі жүйелерді құрылымды және функционалдық күрделендірудің жалпы заңдылықтарына бағынатын, бірінен кейін екіншісі кезекпен туындайтын, адамның интеллектуалдық дамуының нұсқалық кезеңдерін ашқан: *сенсорлы-моторлық интеллект кезеңі – нақты интеллектуалдық операциялар кезеңі – формальді операциялар кезеңі.* Интеллектуалды операциялар жүйесін өзіндік күрделендіру негізінде адамның белсенді *заттық – айла-шарғы жасау қызметі* жатыр. Ғылымның дамуының тарихи кезеңдері мен ғылыми зерттеу құрылымдары индивидітің интеллектуалды дамуы кезеңдерімен сәйкес көрініс табуы мүмкін. Ұйымдық әрекеттер өзгерістері және адамның кәсіби қызметінің мазмұн сипатымен байланысты өзгерістерді, оның интеллектуалдық даму жағдайын ескере отырып жүргізу қажет.

**Прагматикалық гносеологиялық теория** *Ч.А. Пирспен* қаланған. Білімді, оның тәжірибелік құндылығы көзқарасынан қарастырылу, бұл теорияның негізі болып табылады. Білім шын мәнінде, мәселелі жағдайларды бастан өткізумен көрініс табады, мұнда *шындық* – жеңіске жетумен көрінсе, ал *жаңылысу* – оны өтудегі жеңіліспен көрінеді. Нақты сыртқы әлем ғылымның ілгерлемелігін дамуы үшін прагматикалық іргетасты қалайды. Шындықты табыстылық арқылы балау мен тәжірибе түсінігіне

деген мұндай жеке көзқарастар, әлі күнге дейін прагматизмнің дауламасын тудыруда.

**Диалектикалық материализм** – праксеологиялық теорияның дамыған және жүйеленген үлгісі болып табылады. Гнесеологияда марксизмнің негізгі тұжырымдамалары – таным іргетасына деген жеке емес, қоғамдық-тарихи тәжірибенің болуы туралы тезистер. Адам мен сыртқы әлемнің объективті көрінісі әлеуметтік вакуумде жүзеге асырылмайды, ол өзге адамдармен өзара қатынасымен, қоғамдық таңдалған кесте, норма және дәуірден дәуірге өзгеріп отыратын танымдық қызмет идеалдарының призмасымен беріледі. Адамның материалдық әлем және әлеуметтік шарттарды қайта түрлендіру бойынша қызметі - даму көзі мен қозғалыс күші болып табылады.

*Тәжірибе* – білімнің шынайылығының негізгі белгілері.

Бұл теорияның көрнекті теоретиктері *К. Маркс, Ф. Энгельс, В.И. Ленин, Э.В. Ильенков, Г.С. Батицев* болған.

Бұл философиялық көзқарастың қолдаушылары ғалымдар және білімнің әртүрлі саласының тәжірибелі қызметкерлері болған: социологтар, психологтар, физиологтар, кибернетиктер, тарихшылар, техниктер, физиктер, математиктер, химиктер, менеджерлер және т.б.

Диалектикалық материализм жеке ғылыми және әдістемелік деңгейлердің көптеген зерттеулерінің әдістемелік негізі болып табылады.

*Сондықтан, ол мынадай теориялар үшін философиялық деңгейдің негізін құрайды:*

- ◆ *А. Адлердің психоталдау теориясы (тұлғаның әрекетін, оның әлеуметтік мүдделері мен лидерлік ұмтылысы айқындайды);*
- ◆ *Э. Фромм психоталдау теориясы (тұлға әрекеті, оның өткен және қазіргі әлеуметтік жағдайлары және тұлғалық қатынастарымен анықталынады; менеджер тұлғаның өткен әлеуметтік өміріне тәуелді, жасырын мотивтерін ескеру қажет);*

- ◆ А. Маслоу, Ф. Грецберг, Д. Макклелланд, К. Альдерфердің мотивацияның мазмұнды теориялары (*тұлғаның әрекетін, оның физиологиялық, әлеуметтік, қауіпсіздік, сыйластық және өзін өзектендіру қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейін ескере отырып құру қажет*);
- ◆ аралас экономика теориясы (*капитализмнің жүйеге ауысуы, оның сипатты белгілері: басқарушылық рөлдің капиталдың меншік иесінен менеджерге ауысуы, мемлекеттердің экономикалық рөлінің артуы; толық жұмысбастандығы және үзіліссіз өндірістік өсім – С. Чейз, А. Хансен, П. Сэмюэльсон және т.б.*).

**Трансцендентализм.** Трансценденталистік теорияларда білім адамдар түйсігінің белсенді конструктивтік қызметінің өнімі ретінде қарастырып және кез-келген тәжірибенің жалпылама *конструктивтік-трансцендентальдық шарттарын* айқындауға бағытталған. Танымды зерттеу міндеті тек таным объектісі мен білімге қатынас ғана емес, басқа да бағыттағы зерттеулерге қатынастар, яғни барлық адамдар үшін бірдей болып келетін құрылымдық субъективтілікке қатынас болып саналады, сонымен қатар олардың көмегімен олар білімді бірдей өнім деп түсінеді. Трансцендентализм бағыттарының бірі *феноменология*. Феноменологияның туындауы Э. Гуссерль есімімен байланысты.

*Оның әдістемелік салдары болып табылады:*

- ◆ табиғи әлемнің тіршілігінің болуы және түйсіктен тыс қандайда бір өмірдің болуы туралы метафизикалық түйсіктерді бір топқа жинау;
- ◆ эйдетикалық рационалды интуиция әрекеттерін қолдану, олардың көмегімен түйсіктің «таза айнасына» оның тәжірибеге дейінгі конструктивтік базалық мәні көрінеді;
- ◆ мұндай жолмен алынған мағынаны өзге түйсікпен алынған нәтижелерді интерсубъективті тексеру және түзетуді жүзеге асыру мүмкіндігін беретін феноменологиялық тілде көрсету.

Танымның жеке ғылыми деңгейіндегі шекте бұл әдістеме, кез-келген зерттеу мен жоспарланған өзгерістерді, адамдардың қабылдауының субъективті заңдылықтарын ескере отырып жүргізу керек деген тұжырымы арқылы айқындалады. Өзгерістердің субъективтік бағаға пара-пар келуі, күтілетін нәтиже болып табылады. Мысалы, *К. Роджерстің* тұлғаның феноменологиялық теориясына сәйкес, персоналдың ұйымдық әрекетінің мотивациясында қолданылатын, мотивацияны арттыруға ықпал ететін конгруэнттік «Мен» және тұлға тәжірибесі. Тұлғаның динамикалық аспекті келесі кестемен бейнеленеді: *өзін өзектендіру; конгруэнттік «Мен» және тәжірибе; тәжірибенің қорғанысты кездеудегі өзгеруі, сонымен қатар жоққа шығару.* Осылайша, ұйымдағы өзгерістердің жеңісі немесе жеңілісі, өзгеріске қатысушы жұмысшылардың конгруэнттігі мен өзін өзектендіруіне тәуекелді болады.

Феноменология әртүрлі ғылыми білімдерге өз әсерін тигізген және тигізе береді. Оның ықпалымен генетальтпсихология туындап, йога тәжірибесі зерттелінуде.

*Ұсынылған теориялардың қайшылықтары, кейде тіпті үйлесімсіздігі, ғалымдар алдына таным әдістемесі сұрақтарына жауап іздеу міндетін қояды. В.В. Миронов, А.В. Ивановтың пікірінше, мұндай ізденістердің басымды бағытына жататындар:*

- ◆ ғаламға ашық жүйе ретінде ғана қарап қоймай, оны адам денесі және рухымен, мындаған жіктермен байланысты, тірі және сезім ағзасы ретінде қарау арқылы, адам түйсігінің табиғатын қайта пайымдау;
- ◆ жеке адам өмірінің космостық-трансперсоналды өлшемі туралы тұжырымдайтын, батыс және шығыс медитациясы тәжірибелерін зерттеу;
- ◆ пайымды білім алуда адамның жеке таным қызметінің рөлін зерттеу.

Мұндай философиялық көпдауыстылық жағдайында, әлемнің көптеген ғалымдарының мойындауы бойынша, философиялық

деңгейдің ғылыми зерттеулерінің негізгі қолданбалы әдістемесі ретінде – *диалектика* саналады.

*Диалектика* – әлемнің алуан түрлілігін түсінуге, бұл түрліліктің заңдылықтарын айқындау талпынысына, жан-жақтылық пен құбылыстың байланысын айқындауға негізделген. Диалектиканың негізгі категориясы, әлемдік болмыс сатылығы мен тұтастығын көрсететін, тұрақтылық пен өзгеріс, үзіктілік пен үзіліссіздік, бірлік пен сатылық бағынушылық кезеңдерін үйлестіретін, қайшылықты үдеріс ретінде қарастырылатын қозғалыс.

Кез-келген өзгеріс материялардың, энергиялардың және ақпараттардың айырбасы арқылы ғалам құбылыстары және заттар, жағдайлардың өзара әрекетінің нәтижесі. Осы жағдай, энергетикалық немесе ақпараттық көрініс арқылы қозғалыстың саналуан түрлерін зерттеу мүмкіндігін береді. Кез-келген объект үшін өмір сүру – өзге объектілермен өзара әрекеттесуді білдіреді.

*Қозғалыс* – жалпылама байланыстылық және үдерістік сипатын, оның белсенділігін көрсететін, ғаламның жалпылама өмір сүру үлгісі.

Даму диалектикада жүйенің өмір сүруінің жаңа тенденцияларының туындауымен байланысты, объект өзгерісімен бағытталған және қайтымсыздық, тәртіптелген және заңдыланған түрде келтірілген.

Ғалымдар арасында диалектиканы идеалистік және материалистік теорияларға бөлу, шартты түрде деген пікір қалыптасқан.

Олардың қайсысы болмасын нақты және идеалды өмірді тиімді түсіндіре алады. Диалектикалық тұрғыдан мәселені диалектикалық талдау философиялық рефлексияның тиімді үлесі болып табылады.

Ғалымдардың пікірінше, егер біріншісінде бастама ретінде абсалюттік идеялардан арылса, ал екіншісінде қайталанбалы материалистік тұжырымдардан арылса, онда нақты танымдық, әлеуметтік және өзге де мәселелерді шешу және талдау үшін

қолдануға болатын диалектикалық заңдардың құрамды жүйесі түзіледі.

*Классикалық гегендік мұрағат тұрғысынан, диалектиканың келесі заңдарға бөлінуі қарастырылған:*

- ◆ жалпылама байланыс және даму туралы заң;
- ◆ жоқты жоққа шығару, заңды (дамудың әділетті сипат заңы);
- ◆ сандық өзгерістің сапалық өзгерістерге өту заңы;
- ◆ бірлік және қайшылықтар күресі заңы (қайшылықтардың өзара байланыс заңы).

Диалектика заңдары бір-бірінен алшақ өмір сүре алмайды. Олар кез-келген даму үдерістерінің матрицасын құрайды. Бұл заңдарды ғарыш, ғаламшар, өркениет, оның жекелеген ұлттары, мәдениеті және тағы басқа өмір сүру заңы ретінде ғаламның ойын ережелерімен теңестіреді.

*Олар мынаны бейнелейді:*

- ◆ өзгеріс кездері мен қозғалыс күштері;
- ◆ өзгеріс механизмдері;
- ◆ даму мен өзгерістердің жалпы архитектурасы.

Аталған заңдардың тұтастығы шегінде кез-келген зат немесе құбылыс, қайшы конструктивтік тенденциялардың бірлестігі бар, қандайда бір сапаретінде көрінеді. Қайшы тенденциялардың сандық жинақталуы және сапа ішіндегі қасиеттердің жинақталуынан қарама-қайшылық туындайды. Бірақ даму жаңа түзілген сападағы бірқатар қасиеттерді сақтап қалады. Қайшылықтарды шешу бұл сапаны мойындамау арқылы жүзеге асырылады.

Көп жағдайда диалектика заңдарына жүгіне отырып қана, менеджмент обылысында ғылыми білім алуға болатындығы көпшілікпен расталған. Негізінде қозғалыс пен даму жатқан өзгерісті, диалектика заңдарының көмегімен дәл зерттеп және жобалауға болады. Өйткені олар танымның жалпылама әдістерін құрайды.

## 1.2 Өзгерістерді зерттеу және жобалау әдістемесінің жалпы ғылыми деңгейі

Өзгерістерді зерттеу және жобалау әдістемесінің жалпы ғылыми деңгейі *аксиомалық, гипотетико-дедуктивтік, индуктивтік және дедуктивтік әдістермен; идеализация және формализация әдістерімен, талдау және синтез әдістерімен; праксиометриямен; үлгілеумен; үдерістік көзқарастармен; жүйелік көзқарастармен; үдерісті-жүйелік және жүйелі-үдерістік көзқарастармен* берілген. Бұл әдістердің көбісі әдебиеттермен тереңдеп қарастырылған, сондықтан өзгерістерді басқарудың заманауи технологияларының басымды бөлігін құрайтын әдістеріне көңіл бөлеміз.

Қазіргі ғылымда жүйелік көзқарастардың басқару ғылымы мен тәжірбиесіндегі бірінші дәрежелік мәні жалпылама қабылданған. Жүйелік көзқарасты қолдану әр түрлі сипаттағы көптеген факторлардың ішінен басқару объектісіне үлкен ықпалын тигізетін, оларға тиімді ықпал ету жолдары мен тәсілдерін табу мүмкіндігін беретіндерін айқындайды.

Жүйелік көзқарастың негізгі XVIIIғ. соңында *Гегель* диалектикасымен қаланып және кейінірек материалистік диалектикамен дамытылды. Заттар мен құбылыстар арасындағы байланыстар әр түрлі сипатқа ие: олардың бірі бір-бірімен тікелей байланысты, өзгелері – жанамалық буынын құрайды, бірақ олар әрқашан өзара тәуелді, өзара әрекетті болып көрініс табады. Жүйелік көзқарастар әрбір құбылыс және тұтас әлем қатынастың күрделі жүйесі бола отырып, оның маңызы мен өзара әрекеті болып табылады.

Жүйелік зерттеулердің философиялық негіздерін анықтауға байланысты айтатын болсақ, онда бір жағынан философтардың көпшілігі диалектиканы жүйелік зерттеулердің философиялық базасы деп таныса, екінші жағынан, жүйенің, жүйелік көзқарастың және жүйелік талдаудың философиялық негізделген жалпы теорияларының болмауын ескеру қажет.